# "Тарих және мәдениет ескерткіштерінде археологиялық және (немесе) ғылыми-реставрациялау жұмыстарын жүзеге асыру жөніндегі қызметке лицензияны беру, қайта ресімдеу, лицензияның түпнұсқасын беру" мемлекеттік қызметінің регламентін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат Министрінің м.а. 2012 жылғы 28 қыркүйектегі № 159 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің 2012 жылғы 26 желтоқсандағы № 223 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 8 ақпанда № 8326 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Мәдениет министрінің 2014 жылғы 18 наурыздағы № 1 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Мәдениет министрінің 18.03.2014 № 1 бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

«Әкімшілік рәсімдер туралы» 2000 жылғы 27 карашадағы Қазақстан Республикасы Заңының 9-1-бабының 4-тармағына, «Ақпараттандыру туралы» 2007 жылғы 11 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 29-бабының 2-тармағына сәйкес және «Электрондық мемлекеттік қызметтің үлгі регламентін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 26 қазандағы № 1116 қаулысын жүзеге асыру мақсатында, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Тарих және мәдениет ескерткіштерінде археологиялық және (немесе) ғылыми-реставрациялау жұмыстарын жүзеге асыру жөніндегі қызметке лицензияны беру, қайта ресімдеу, лицензияның түпнұсқасын беру» мемлекеттік қызметінің регламентін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің м.а. 2012 жылғы 28 қыркүйектегі № 159 бұйрығына ( нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8069 тіркелген, 2012 жылғы 13 желтоқсандағы «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған № 24-825 (27896) мынадай өзгерістер енгізілсін:

атауы мынадай редакцияда жазылсын:

«Тарих және мәдениет ескерткіштерінде археологиялық және (немесе) ғылыми-реставрациялау жұмыстарын жүзеге асыру жөніндегі қызметке лицензия беру, қайта ресімдеу беру» электрондық мемлекеттік қызмет көрсету регламентін бекіту туралы»;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қоса беріліп отырған «Тарих және мәдениет ескерткіштерінде археологиялық және (немесе) ғылыми-реставрациялау жұмыстарын жүзеге асыру жөніндегі қызметке лицензия беру, лицензияны қайта ресімдеу беру» электрондық мемлекеттік қызмет көрсету регламенті бекітілсін.»;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген «Тарих және мәдениет ескерткіштерінде археологиялық және (немесе) ғылыми-реставрациялау жұмыстарын жүзеге асыру жөніндегі қызметке лицензия беру, лицензияны қайта ресімдеу беру» мемлекеттік қызмет көрсету регламенті осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Мәдениет комитеті:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінен мемлекеттік тіркеу және оны ресми жария етуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Министр* *Д. Мыңбай*

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасы
Көлік және коммуникация министрдің м.а.
_______________ С. Сарсенов
2012 жылғы 29 желтоқсан

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және ақпарат министрі
2012 жылғы 26 желтоқсандағы
№ 223 бұйрығымен
бекітілген

## «Тарих және мәдениет ескерткіштерінде археологиялық және (немесе) ғылыми-реставрациялау жұмыстарын жүзеге асыру жөніндегі қызметке лицензияны беру, қайта ресімдеу» электрондық мемлекеттік қызмет көрсету регламенті

### 1. Жалпы ережелер

1. «Тарих және мәдениет ескерткіштерінде археологиялық және (немесе) ғылыми-реставрациялау жұмыстарын жүзеге асыру жөніндегі қызметке лицензияны беру, қайта рәсімдеу» электрондық мемлекеттік қызметті Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Мәдениет комитеті (бұдан әрі – қызмет көрсетуші) мына мекенжайда көрсетеді: 010000, Астана қаласы, Орынбор көшесі, № 8, «Министрліктер үйі» ғимараты, 15-кіреберіс, № 527-кабинет, халыққа қызмет көрсету орталықтары (әрі қарай – орталықтар) және мемлекеттік қызметті алушыда электрондық цифрлық қолтаңба болған жағдайда «электрондық үкімет» веб-порталы: www.e.gov.kz немесе «Е-лицензиялау» веб-порталы: www.elicense.kz арқылы алуға болады.

2. Мемлекеттік қызмет «Мәдениет саласындағы мемлекеттік қызмет стандарттарын бекіту және «Жеке және заңды тұлғаларға көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің тізілімін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 20 шілдедегі № 745 қаулысына толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 17 қаңтардағы № 83 қаулысымен бекітілген «Тарих және мәдениет ескерткіштерінде археологиялық және (немесе) ғылыми-реставрациялау жұмыстарын жүзеге асыру жөніндегі қызметке лицензияны беру, қайта ресімдеу» стандарты (бұдан әрі – Стандарт) негізінде көрсетіледі.

3. Электрондық мемлекеттік қызметті автоматтандыру дәрежесі: жартылай автоматтандырылған.

4. Электрондық мемлекеттік қызмет көрсетудің түрі: транзакциялық.

5. Осы Регламентте пайдаланылатын ұғымдар:

1) ақпараттық жүйе (бұдан әрі – АЖ) – аппараттық-бағдарламалық кешенді қолданумен ақпаратты сақтау, өңдеу, іздеу, тарату, тапсыру және беру үшін арналған жүйе;

2) «электрондық үкіметтің» веб–порталы (бұдан әрі – ЭҮП) – нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, барлық шоғырландырылған үкіметтік ақпаратқа және электрондық мемлекеттік қызметтерге қолжетімділіктің бірыңғай терезесін білдіретін ақпараттық жүйе;

3) «Е-лицензиялау» веб-порталы (бұдан әрі – АЖ МДҚ «Е–лицензиялау») – берілген, қайта ресімделген, тоқтатылған, қайта басталған және әрекет етуін тоқтатқан лицензиялар, сондай-ақ лицензиарлар беретін лицензиялардың сәйкестендірме нөмірін орталықтандырып қалыптастыратын лицензияланатын қызмет түрін жүзеге асыратын лицензиаттың филиалдары, өкілдіктері (объекттері, пункттері, учаскелері) туралы мәліметтерді қамтитын ақпараттық жүйе;

4) «электрондық үкіметтің» шлюзі (бұдан әрі – ЭҮШ) – электрондық қызметті іске асыру аясында «электрондық үкіметтің» ақпараттық жүйелерін

интеграциялауға арналған ақпараттық жүйе;

5) «электрондық үкіметтің» төлеу шлюзі (бұдан әрі – ЭҮТШ) – екінші деңгейдегі банктердің, банктік операциялардың жеке түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың және «электрондық үкіметтің» жеке және заңды тұлғалардың төлемдерді жүзеге асыруы кезінде ақпараттық жүйелерінің арасында өзара іс-әрекет жасауды қамтамасыз етуге арналған автоматтандырылған ақпараттық ж ү й е ;

6) «Жеке тұлғалар» мемлекеттік мәліметтер базасы – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, өз құзіреті шегінде жеке тұлғаларды бірыңғай сәйкестендіруді енгізу мақсаты Ұлттық дербес сәйкестендіру нөмірлерінің реестрін құру, Қазақстан Республикасының жеке тұлғалары туралы актуалды және анық деректері туралы ақпаратты мемлекеттік басқару органдарына және басқа да субъектілерге ұсыну мақсатында автоматты түрде жинақтауға, ақпараттарды сақтау және өңдеуге арналған ақпараттық жүйе (әрі қарай – МДҚ ЖТ);

7) «Заңды тұлғалар» мемлекеттік мәліметтер базасы – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, өз құзіреті шегінде заңды тұлғаларды бірыңғай сәйкестендіруді енгізу мақсаты Ұлттық дербес сәйкестендіру нөмірлерінің реестрін құру, Қазақстан Республикасының заңды тұлғалары туралы актуалды және анық деректері туралы ақпаратты мемлекеттік басқару органдарына және басқа да субъектілерге ұсыну мақсатында автоматты түрде жинақтауға, ақпараттарды сақтау және өңдеуге арналған ақпараттық жүйе (әрі қарай – МДҚ ЗТ);

8) қызмет көрсетілуші – электронды қызмет көрсетілетін жеке немесе заңды т ұ л ғ а ;

9) жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – ЖСН) – жеке тұлға, оның ішінде жеке кәсіпкерлік түрінде өзінің қызметін жүзеге асыратын жеке кәсіпкер үшін қалыптастырылатын бірегей нөмір;

10) бизнес-сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – БСН) – бірлескен кәсіпкерлік түрінде қызметтерді жүзеге асыратын заңды тұлға (филиал және өкілдік) және жеке кәсіпкер үшін қалыптастырылатын бірегей нөмір;

11) пайдаланушы – оған қажетті электрондық ақпараттық ресурстарды алу үшін ақпараттық жүйеге жүгінетін және оларды пайдаланатын субъект;

12) транзакциялық қызмет – электрондық цифрлық қолтаңбаны қолданумен өзара ақпарат алмасуды талап ететін, пайдаланушыларға электрондық ақпараттық ресурстарды беру жөніндегі қызмет;

13) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦҚ) – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың дұрыстығын, оның тиесілілігін және мазмұнының тұрақтылығын растайтын

электрондық цифрлық таңбалардың жиынтығы.

14) электрондық құжат – ақпарат электрондық-цифрлық нысанда берілген және электрондық цифрлық қолтаңба арқылы куәландырылған құжат;

15) электронды мемлекеттік қызмет – ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы электронды түрде көрсетілетін мемлекеттік қызмет;

16) электрондық лицензия – ақпараттық технологияларды пайдаланумен ресімделетін және берілетін, қағаз тасымалдағыштағы лицензияға теңмағыналы болатын электрондық құжат нысанындағы лицензия;

17) құрылымдық-функционалдық бірліктер (бұдан әрі – ҚФБ) – электрондық мемлекеттік қызмет көрсету процесіне қатысатын мемлекеттік органдардың, мемлекеттік мекемелердің және өзге де ұйымдардың құрылымдық бөлімшелерінің тізбесі

## 2. Электрондық мемлекеттік қызметті көрсету жөнінде қызмет көрсетуші әрекетінің тәртібі

6. Қызмет көрсетушінің ЭҮП арқылы қадамдық әрекеттері мен шешімдері ( ЭҮП арқылы электрондық мемлекеттік қызмет көрсету кезіндегі функционалдық өзара әрекет жасаудың № 1 диаграммасы) осы Регламенттің 1-қосымшасында келтірілген:

1) алушы ЭҮП-ке тіркеуді алушы компьютердің интернет-браузеріне бекітіп қойған өзінің ЭЦҚ тіркеу куәлігінің көмегімен жүзеге асырады (ЭҮП-ке тіркелмеген алушылар үшін жүзеге асырылады);

2) 1 үдеріс – алушының ЭЦҚ тіркеу куәлігін компьютердің интернет-браузеріне бекітуі, мемлекеттік қызметті алу үшін алушының ЭҮП-ке парольді енгізуі (авторландыру үдерісі);

3) 1 шарт – ЖСН немесе БСН және пароль арқылы тіркелген алушы туралы деректердің дұрыстығын ЭҮП-те тексеру;

4) 2 үдеріс – алушының деректерінде бұзушылықтардың болуымен байланысты, ЭҮП авторландырудан бас тарту хабарламасын қалыптастырады;

5) 3 үдеріс – алушының осы Регламентте көрсетілген электрондық мемлекеттік қызметті таңдауы, Стандарттың 11-тармағында көрсетілген қажетті құжаттарды электрондық түрде бекітумен сауал нысанын толтыруы (деректерді енгізуі);

6) 4 үдеріс – ЭҮТШ-те электрондық мемлекеттік қызмет төлемақысын жасау, сосын бұл ақпарат «Е-лицензиялау» АЖ МДҚ-ға келіп түседі;

7) 2 шарт – «Е-лицензиялау» АЖ МДҚ-да көрсетілген электрондық мемлекеттік қызметтің төлемақысын тексеру;

8) 5 үдеріс – «Е-лицензиялау» АЖ МДҚ-да көрсетілген электрондық

мемлекеттік қызмет үшін төлемақының жоқтығына байланысты сұрау салынған электрондық мемлекеттік қызметтен бас тарту туралы хабарламаны құрастыру;

9) 6 үдеріс – алушының сауалды куәландыру (қол қою) үшін ЭЦҚ тіркеу куәлігін таңдауы;

10) 3 шарт – ЭҮП-те ЭЦҚ тіркеу куәлігінің әрекет ету мерзімін және тізімде қайтарып алынған (күші жойылған) тіркеу куәліктерінің болмауын, сондай-ақ сауалда және ЭЦҚ тіркеу куәлігінде көрсетілген ЖСН немесе БСН арасындағы сәйкестендірме деректерге сәйкес келуін тексеру;

11) 7 үдеріс – алушының ЭЦҚ шынайылығының расталмауымен байланысты сұрау салынған электрондық мемлекеттік қызметтен бас тарту туралы хабарламаны құрастыру;

12) 8 үдеріс – алушының ЭЦҚ көмегімен сауалдың толтырылған нысанын ( енгізілген деректерді) және оған электрондық мемлекеттік қызмет көрсетудің электрондық түрде бекітілген құжаттарын куәландыруы (қол қоюы);

13) 9 үдеріс – «Е-лицензиялау» АЖ МДҚ-дағы электрондық құжатты ( алушының сауалын) тіркеу және «Е-лицензиялау» АЖ МДҚ-дағы сауалды өңдеу ;

14) 4 шарт – алушының біліктілік талаптарына және лицензия беру негіздеріне сәйкестігін қызмет көрсетушінің тексеруі;

15) 10 үдеріс – «Е-лицензиялау» АЖ МДҚ-дағы алушының деректерінде бұзушылықтардың болуымен байланысты сұрау салынған электрондық мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы хабарламаны құрастыру;

16) 11 үдеріс – алушының ЭҮП-те қалыптастырған электрондық мемлекеттік қызмет нәтижесін (электрондық лицензияны) алуы. Электрондық құжат қызмет көрсетушінің уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ-сын пайдаланумен құрастырылады.

7. Қызмет көрсетуші арқылы қадамдық әрекеттер және шешімдер (қызмет көрсетуші арқылы электрондық мемлекеттік қызмет көрсету кезіндегі функционалдық өзара әрекеттің № 2 диаграммасы):

1) 1 үдеріс – қызмет көрсетуші қызметкерінің электрондық мемлекеттік қызметті алу үшін «Е-лицензиялау» АЖ МДҚ логині мен паролін енгізу үдерісі ( авторландыру үдерісі);

2) 1 шарт - қызмет көрсетушінің тіркелген қызметкері туралы деректердің нақтылығын «Е-лицензиялау» МДБ АЖ-да логин және пароль арқылы тексеру;

3) 2 үдеріс - қызмет көрсетуші қызметкерінің деректерінде бұзушылықтардың бар болуына байланысты авторизациялаудан бас тарту туралы хабарламаны « Е-лицензиялау» МДҚ АЖ-да құру;

4) 3 үдеріс - қызмет көрсетуші электрондық мемлекеттік қызметкерінің осы Регламентте көрсетілген электрондық мемлекеттік қызметтерді таңдауы, қызмет көрсетуге арналған сауал нысанын экранға шығаруы және алушының деректерін

енгізуі;

5) 4 үдеріс – МДҚ ЖТ/МДҚ ЗТ-да ЭҮШ арқылы алушының деректері туралы сұрау салу;

6) 2 шарт – МДҚ ЖТ/МДҚ ЗТ-да алушы деректерінің болуын тексеру;

7) 5 үдеріс – МДҚ ЖТ/МДҚ ЗТ-да алушы деректерінің болмауымен байланысты деректерді алу мүмкін еместігі туралы хабарламаны құрастыру;

8) 6 үдеріс – сауал нысанын құжаттардың қағаз нысанында болуын белгілеу бөлігінде толтыру және қызмет көрсетуші қызметкерінің алушы ұсынған қажетті құжаттарды сканерлеуі және оларды сауал нысанына бекітуі;

9) 7 үдеріс – «Е-лицензиялау» МДҚ ЖТ-да сұрау салуды тіркеу және «Е-лицензиялау» МДҚ ЖТ-да қызметті өңдеу;

10) 3 шарт – алушының біліктілік талаптарына және лицензия беру негіздеріне сәйкестігін қызмет көрсетушінің тексеруі;

11) 8 үдеріс – «Е-лицензиялау» АЖ МДҚ-да алушының деректерінде бұзушылықтардың болуымен байланысты сұрау салынған электрондық мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы хабарламаны құрастыру;

12) 9 үдеріс – алушының «Е-лицензиялау» АЖ МДҚ-да қалыптастырған электрондық мемлекеттік қызмет нәтижесін (электрондық лицензияны) алуы. Электрондық құжат электрондық мемлекеттік қызмет көрсетушінің уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ-сын пайдаланумен құрастырылады.

8. ХҚКО АЖ АЖО Орталығы операторының қызмет көрсетудегі шешімдері мен қадамдық әрекеттері (№ 3 диаграмма) жүйелі өзара қарым-қатынасы:

1) 1-үдеріс - ХҚКО АЖ АЖО Орталығы операторының қызмет көрсету үшін логин мен паролін енгізу (авторизация барысы);

2) 2-үдеріс – Орталықтың операторымен осы Регламентте көрсетілген қызметті таңдауы, экранға қызмет көрсетудің ұсыным үлгісінің шығуы және Орталықтың операторымен тұтынушының мәліметтерін енгізу;

3) 3-үдеріс - тұтынушының мәліметтерін ЭҮШ арқылы МДҚ ЖТ/МДҚ ЗТ ұсынымды жолдау;

4) 1-шарт – тұтынушының МДҚ ЖТ/МДҚ ЗТ мәліметтерінің бар болуын тексеру;

5) 4-үдеріс - МДҚ ЖТ/МДҚ ЗТ тұтынушының мәліметтерінің болмауына байланысты мәліметтерді алу мүмкіндігінің болмауы туралы хабарламаны қалыптастыру;

6) 5-үдеріс – тұтынушымен ұсынылған құжаттарды Орталықтың операторымен ұсыным нысанының құжаттардың қағаз түрінде бар болуы жайлы белгі қою бөлігінде толтыру және құжаттарды көшіріп алу, оларды ұсыным нысанына бекіту және қызмет көрсетудің ұсыным нысанының толтырылғанын ЭЦҚ арқылы көз жеткізу (енгізілген мәліметтерді);

7) 6 үдеріс – ЭЦҚ арқылы көз жеткізілген (қол қойылған) электронды құжаттарды (тұтынушының ұсынымы) Орталықтың операторы арқылы ЭҮШ « Е-лицензиялау» ММБ АЖ жолдануы;

8) 7-үдеріс – «Е-лицензиялау» МДҚ АЖ электрондық құжатты тіркеу;

9) 2-шарт – Стандартта көрсетілген және қызмет көрсетуге негіз болып табылатын тұтынушының ұсынған құжаттарын қызмет берушінің сәйкес келуін тексеруі (қайта өңдеуі);

10) 8-үдеріс – «Е-лицензиялау» МДҚ АЖ-нде тұтынушының ұсынған құжаттарында бұзушылықтар болуына байланысты сұратылып отырған қызметтен бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру;

11) 9-үдеріс - «Е-лицензиялау» МДҚ АЖ қалыптасқан Орталық операторы арқылы көрсетілетін қызметті (электронды лицензия) тұтынушының алуы.

9. Қызметке сұрау салу және жауап алудың толтыру нысандары «Е-лицензиялау» АЖ МДҚ көрсетілген.

10. Электронды мемлекеттік қызмет бойынша сұрау салуды өңдеу нәтижесін қарауға: ЭҮП-дағы «Қызметтерді алу тарихы» бөлімінде және қызмет көрсетушіге жүгінгенде мүмкіндік беріледі.

11. Электрондық мемлекеттік қызмет туралы ақпаратты алу, сондай-ақ қажет болған жағдайда олардың сапасын бағалау (оның, ішінде шағымдану) үшін байланыс телефондары. 8(7172) 74-05-68 және «электрондық үкіметі» call-орталығының ақпараттық-анықтамалық қызметінің 1414 телефоны арқылы алуға болады.

## 3. Электрондық мемлекеттік қызмет көрсету үдерісіндегі өзара іс-қимыл тәртібін сипаттау

12. Қызмет көрсету барысында қатысы бар ҚФБ тізбесі:

1) ЭҮП;

2) ЭҮШ;

3) ЭҮТШ;

4) «Е-лицензиялау» МДҚ АЖ;

5) ЖТ МДҚ/ЗТ МДҚ;

6) ХҚКО АЖ АЖО;

7) қызмет көрсетуші.

13. Осы Регламенттің 2-қосымшасына сәйкес ҚФБ-нің қарапайым іс-қимылының кестелік сипаттамасы келтірілген.

14. Осы Регламенттің 3-қосымшасында қызмет көрсетудің қорытынды нәтижелері көрсетілуі тиіс нысандар көрсетілген.

15. Осы Регламенттің 1-қосымшасына сәйкес, электрондық мемлекеттік

қызмет көрсету үдерісінде іс-қимылының қисынды дәйектілігі арасындағы өзара байланысты көрсететін диаграмма келтірілген.

16. Тұтынушыларға электрондық мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелері осы Регламенттің 4-қосымшасына сәйкес үлгілік нысандағы анкета бойынша сапа мен қолжетімділік көрсеткіштерімен өлшенеді.

17. Тұтынушыға электрондық мемлекеттік қызметті көрсету үдерісіне қойылатын талаптар - тұтынушының құжаттарындағы ақпараттың сақталуын, қорғалуын және құпиялылығын қамтамасыз ету.

18. Электрондық мемлекеттік қызметтерді көрсетудің техникалық шарттары:

1) Интернетке шығу мүмкіндігінің болуы;

2) электрондық мемлекеттік лицензия берілетін тұлғаның ЖСН немесе БСН-нің болуы;

3) ЭҮП-ті авторландыру;

4) ЭЦҚ пайдаланушыда болуы.

5) екінші деңгейлі банктерде төлем карточкалары немесе ағымдағы есеп-шотының болуы.

«Тарих және мәдениет ескерткіштерінде археологиялық және (немесе) ғылыми-реставрациялау жұмыстарын жүзеге асыру жөніндегі қызметке лицензияны беру, қайта ресімдеу» электрондық мемлекеттік қызмет көрсету регламентіне
1-қосымша

## ЭҮП арқылы электрондық мемлекеттік қызмет көрсету кезіндегі функционалдық өзара әрекет жасаудың № 1 диаграммасы



## Қызмет көрсетуші арқылы электрондық мемлекеттік қызмет көрсету кезіндегі функционалдық өзара әрекет жасаудың № 2 диаграммасы




## Электронды мемлекеттік қызметтің ХҚКО АЖ арқылы көрсету кезінде өзара функционалдық әрекет етудің № 3 диаграммасы




## Шартты белгілер:




«Тарих және мәдениет ескерткіштерінде археологиялық және (немесе) ғылыми-реставрациялау жұмыстарын жүзеге асыру жөніндегі қызметке лицензияны беру, қайта ресімдеу» электрондық мемлекеттік қызмет көрсету регламентіне
2-қосымша

## 1-кесте. ЭҮП арқылы ҚФБ іс-әрекеттерінің сипаттамасы

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Іс-әрекет № (жұмыс барысы, ағыны) | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| 2 | ҚФБ атауы | Тұтынушы | ЭҮП | Тұтынушы | ЭҮТШ | ЭҮ |
| | | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 3 | Іс-әрекет атауы (үдеріс, рәсім, операциялар) және олардың сипаттамасы | Тұтынушының ЭЦҚ тіркеу куәлігін компьютердің интернет-браузеріне бекіту | Тұтынушының деректеріндегі бұзушылықтармен байланысты бас тарту хабарламасын қалыптастырады | Қажетті құжаттарды электрондық түрде бекітумен сауал деректерін қалыптастырады және қызметті таңдайды | Қызмет төлемақысын жасау | Төл жо бай тар хаб қал |
| 4 | Аяқтау нысаны (деректер, құжаттар, ұйымдастыру - реттеу шешімі) | Сауал салу сәтті қалыптастырылғандығы туралы хабарламаны шығару | Сауал салынып жатқан электрондық мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру | Сауал салу сәтті қалыптастырылғандығы туралы хабарламаны шығару | Сауал салу сәтті қалыптастырылғандығы туралы хабарламаны шығару | Сау жа эле мем қыз көр тар хаб қал |
| 5 | Орындалу мерзімі | 10–15 сек | 20 сек | 1,5 мин | 1,5 мин | 10– |
| 6 | Келесі іс-әрекет нөмірі | 2 – тұтынушының деректерінде бұзушылықтар болғанда;<br>3 – авторландыру табысты өткенде | – | 4 | 5 – төлемақысын жасамағанда;<br>6 – төлемақысын жасағанда | – |

кестенің жалғасы

| 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 |
|---|---|---|---|---|---|
| Тұтынушы | ЭҮП | Тұтынушы | ЭҮП | ЭҮП | ЭҮП |
| Куәландыру (қол қою) үшін ЭЦҚ таңдауы | Тұтынушының ЭЦҚ шынайылығының расталмауымен байланысты бас тарту туралы хабарламаны қалыптастырады | ЭЦҚ көмегімен сауалды куәландыру (қол қою) | «Е-лицензиялау» МДҚ АЖ-дағы электрондық құжатты (тұтынушының сауалын) тіркеу және «Е-лицензиялау» МДҚ АЖ-дағы сауалды өңдеу | «Е-лицензиялау» МДҚ АЖ-дағы тұтынушының деректеріндегі бұзушылықтардың болуымен байланысты бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру | Электрондық құжат (электрондық лицензия) |
| Сауалды бағыттау | Сауал салынып жатқан электрондық мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру | Сауалды бағыттау | Өтінімге нөмір берумен сауал салуды тіркеу | Сауал салынып жатқан электрондық мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру | Электрондық лицензия, лицензия көшірмесі |
| 10–15 сек | 10–15 сек | 1,5 мин | 10-15 жұмыс күндері | 10–15 сек | 15 - жұмыс күн,<br>10 - жұмыс күн |
| | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 7 – ЭЦҚ-да қателік болғанда;<br>8 – ЭЦҚ-да қате болмағанда | - | - | 10 - тұтынушының біліктілік талаптарына және лицензия беру негіздеріне сәйкестігін қызмет берушінің тексеруі | - | |

## 2-кесте. Қызмет көрсетуші арқылы ҚФБ іс-әрекеттерінің сипаттамасы

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Іс-әрекет № (жұмыс барысы, ағыны) | 1 | 2 | 3 | 4 |
| 2 | ҚФБ атауы | Қызмет көрсетуші | «Е-лицензиялау» МДҚ АЖ | Қызмет көрсетуші | ЖТ МДҚ, ЗТ МДҚ |
| 3 | Іс-әрекет атауы (үдеріс, рәсім, операциялар) және олардың сипаттамасы | «Е-лицензиялау» МДҚ АЖ-да авторландырылады | Қызмет көрсетуші қызметкерінің деректерінде қателіктер болуына орай авторландырудан бас тарту жөнінде хабарлама қалыптастырады | Қызмет көрсетушінің қызметкерімен қызметті таңдауы | ЖТ МДҚ, ЗТ МДҚ алушының деректерін тексеруге сұрау салу |
| 4 | Аяқтау нысаны (деректер, құжаттар, ұйымдастыру-реттеу шешімі) | Сауал салу сәтті қалыптастырылғандығы туралы хабарламаны шығару | Сауал салынып жатқан электрондық мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру | Сауал салу сәтті қалыптастырылғандығы туралы хабарламаны шығару | Сауалды бағыттау |
| 5 | Орындалу мерзімі | 10–15 сек | 10 сек | 1,5 мин | 1,5 мин |
| 6 | Келесі іс-әрекет нөмірі | 1 – Қызмет көрсетуші қызметкерінің «Е-лицензиялау» МДҚ АЖ-да логині мен паролінің дұрыстығын тексеру | - | 3 | 4 – бұзушылықтар алушы деректерінде болғанда;<br>5 – авторландыру табысты өткенде |

кестенің жалғасы

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 5 | 6 | 7 | 8 | 9 |
| «Е-лицензиялау» МДҚ АЖ | Қызмет көрсетуші | «Е-лицензиялау» МДҚ АЖ | «Е-лицензиялау» МДҚ АЖ | Қызмет көрсетуші |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Алушының құжаттарында бұзушылықтардың болуына байланысты бас тарту туралы хабарламаны қалыптастырады | Сауал нысанын құжаттарды бекітумен толтыру | « Е-лицензиялау » МДҚ ЖТ-да электрондық құжатты тіркеу және « Е-лицензиялау » МДҚ ЖТ-да қызметті өңдеу | Алушының құжаттарында бұзушылықтардың болуына байланысты бас тарту туралы хабарламаны қалыптастырады | Электрондық құжат ( электрондық лицензия) |
| Сауал салынып жатқан электрондық мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру | Сауал салу сәтті қалыптастырылғандығы туралы хабарламаны шығару | Өтінімге нөмір берумен сауал салуды тіркеу | Сауал салынып жатқан электрондық мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру | электрондық лицензия лицензияны қайта ресімдеу |
| 1,5 мин | 10–15 сек | 1,5 мин | - | 15 - жұмыс күн, 10 - жұмыс күн |
| - | - | 8 – « Е-лицензиялау » МДҚ АЖ-де сұрау бойынша деректер болмаған жағдайда, 9 – егер сұрау бойынша деректер бар болған жағдайда | | |

# 3-кесте. ХҚКО арқылы ҚФБ әрекетінің сипаттамасы

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Әрекет № (жұмыс барысы, ағымы) | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| 2 | СФЕ атауы | ХҚКО АЖ АРМ | Орталық операторы | Орталық операторы | МДҚ ЖТ/МДҚ ЗТ, ЕНИС | Орталық операторы |
| 3 | Әрекет атауы ( барысы, рәсімі, операциясы) және олардың суреттемесі | Орталықтың операторы логины және паролі арқылы авторизацияланады | Қызметті таңдайды және ұсынымның мәліметтерін қалыптастырады | Ұсынымды МДҚ ЖТ/ МДҚ ЗТ, ЕНИС жолдау | Тұтынушының мәліметтерінің болмауына байланысты ақпаратты алу мүмкіндігі болмайтындығы | ЭЦҚ растау және ұсыным нысанына қаэжетті құжаттарды бекітіп, |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | туралы ақпаратты қалыптастырады | ұсынымды толтыру |
| 4 | Аяқталу нысаны ( мәліметтер, ұйымдастыру-реттеу шешімдерінің құжаты) | Арызға ұсынымды жүйеде тіркеу арқылы нөмір беру | Ұсынымның табысты қалыптастырылуы жайлы хабарламаның көрсетілуі | Ұсынымның бағдары | Негізделіп кері қайтаруды қалыптастыру | Ұсынымның табысты қалыптастырылуы жайлы хабарламаның көрсетілуі |
| 5 | Орындалу мерзімі | 30 сек – 1 минута | 30 сек | 1,5 мин | 1,5 мин | 30 сек – 1 минута |
| 6 | Келесі әрекеттің нөмірі | 2 | 3 | 4 – егер тұтынушының мәліметтерінде бұзушылықтар болған жағдайда, 5 – бұзушылықтар болмаған жағдайда | - | - |

«Тарих және мәдениет ескерткіштерінде археологиялық және (немесе) ғылыми-реставрациялау жұмыстарын жүзеге асыру жөніндегі қызметке лицензияны беру, қайта ресімдеу» электрондық мемлекеттік қызмет көрсету регламентіне
3-қосымша

## 1. Оң нәтижелі жауаптың нысаны

Лицензия нысаны

**МЕМЛЕКЕТТІК ЛИЦЕНЗИЯ**

Лицензияның берілген күні [күні]          Лицензия нөмірі [нөмері]

Берілді [заңды тұлғаның толық аты, мекен-жайы, БСН реквизиттері / жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты толығымен, ЖСН реквизиттері]

Қызмет түрі [«Лицензиялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қызмет түрінің атауы

Лицензия қолданылуының айырықша жағдайлары [Лицензиялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 9-1-бабына сәйкес]

Лицензиар [Лицензиардың толық атауы]
Басшы (уәкілетті тұлға) [лицензиар басшысының (уәкілетті адамның) тегі және аты-жөні]

Берілген жері [Берілген жер]

Құжатты қағаз тасымалдаушысында растаған мемлекеттік орган [лицензиардың толық атауы]

Құжатты қағаз тасымалдаушысында растаған басшы (уәкілетті адам) [басшының (уәкілетті адамның) Т.А.Ә.]

Мөр орны
Лицензияның расталған күні: «___» _________________20__г.
Берілген құжат 2012 жылдың 10 шілдесіндегі ҚР «Лицензиялау туралы» Заңының 10-бабы негізінде лицензиармен расталған

## 2. Теріс нәтижелі жауаптың нысаны

Негізделген бас тартудың нысаны

[Уәкілетті органның атауы]

[Уәкілетті органның атауы] [Реквизиты УО]

**НЕГІЗДЕЛГЕН БАС ТАРТУ**

Нөмері [Нөмері]

Берілген күні: [Берілген күні]

[Өтініш берушінің аты]
[Уәкілетті органның атауы], Сіздердің [өтініш беру уақыты]; жылғы № [өтініштің нөмері], қарастырып, келесіні хабарлайды:

[Бас тарту себебі].

[Растаушының қызметі] [қол қоюшының А.Ж.Т.]

«Тарих және мәдениет ескерткіштерінде археологиялық және (немесе) ғылыми-реставрациялау жұмыстарын жүзеге асыру жөніндегі қызметке лицензияны беру, қайта ресімдеу» электрондық мемлекеттік қызмет көрсету регламентіне
4-қосымша
Нысан

## «Тарих және мәдениет ескерткіштерінде археологиялық және (немесе) ғылыми-реставрациялау жұмыстарын жүзеге асыру жөніндегі қызметке лицензияны беру, қайта ресімдеу» электрондық мемлекеттік қызметінің «сапа» және «қолжетімділік» көрсеткіштерін анықтау мақсатындағы сауалнама

1. Электрондық мемлекеттік қызметті көрсету үдерісінің сапасына және нәтижесіне қанағаттанасыз ба?
1) қанағаттанған жоқпын;
2) ішінара қанағаттанамын;
3) қанағаттанамын.

2. Электрондық мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі туралы ақпараттың сапасына қанағаттанасыз ба?
1) қанағаттанған жоқпын;
2) ішінара қанағаттанамын;
3) қанағаттанамын.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК